




ПИОНЕР

№ 6 ИЮНЬ
АЛМАТЫ 1959





ПИОНЕР

№ 6

ИЮНЬ

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

1959 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 21 жыл.

ЖОРЫҚ ЖОЛДАРЫНДА

Саша елең-алаңда оянды. Үй іші алакеу-гім. Шығыс беттегі шағын терезеден бозамық сәуле себездеп тұр. Ол орнынан тұрып, ашық терезе алдына келіп, жаттығу жасай бастап еді.

— Неғып соншама ерте тұрдың? — деді, осы кез оянып кеткен мамасы.

— Жоқ, мама, ерте емес, біз бесте жиналуымыз керек, — деп ол апыл-ғұпыл киініп алды.

— Тамақ ішпейсің бе? Асықпай тамақтанып ал.

— Қалып қоям, — деп асыққан Саша стол үстінен бір үзім нан алды да, қапшығын иығына асып, есікке беттеді.

— Байқа, айналайын, — деп қалбалақтаған мамасы аула алдына шығарып салып, баласының ізінен қарап тұр.

Аспанның шығыс жақ етегі қызыл қошқыл бояуға малынған. Көшеде жан жоқ, айнала тым-тырыс. Тек әр тұстан үздік-үздік шақырған қораз даусы естіледі. Қайсыбір қорадан Сашаға елеңдеп, иттер абалап қалады.

Таңғы таза ауа Сашаның көңілін сергітті. Аяғын ширақ алып, жеңіл жүріп келе жатты. Қуаныштан жүзі жайраң қағады. Алғашқы рет бірнеше күнге жорыққа шықпақ.

— Саша! Саша! — деген дауыс шықты ту сыртынан бір кезде. Жалт қарап еді, иығында қапшығы бар Юра Бармотин жүгіріп келеді екен.

— Кешіккен жоқпыз ба? — деді еңтігіп жеткен ол.

— Жоқ, сонда да тездетейік.

Олар пионерлер үйінің алаңына межелі мезгілде жетті. Басқа балалар да жиылып қалған екен. Отряд бастығы Валерия Александровна:

— Сапқа тұрыңдар! — деген команда берді.

Абыр-сабыр сапқа тізілген балаларға қалалық комсомол комитетінің өкілі жорықшылардың бұл жорығы комсомолдың 40 жылдығына арналатынын айтты.

— Жорық жолы соқпақты, — деді ол. — Жорықта ұйымшыл, көңілді болыңдар! Слетте бірінші орынға ие болыңдар!

Тым-тырыс көше тыныштығын трубаның ашық даусы бұзды. Отряд туристер әнін шырқап, жолға түсті. Осы кез қып-қызыл шоқтай жайнап шыққан күн де көрінді.

Бұл — 28 июнь күні еді. Осы күні отряд күнделігіне Галя Паршикова мен Галя Дубовцева «Сағат тоғыз жарымда Шұбар селосына келдік. Ауылшаруашылық техникум үйіне түнедік»... деп жазды.

Келесі күні жол ауыр болды. Аспан айналып жерге түскендей ыстық. Мұның үстіне, жол да соқпақты, адыр-бұдырлы боп кетті. Арықтар, көлшіктер, сай-салалар бірте-бірте артта қала берді. Балалар алға жылжи берді.

Балалар жол бойы өлкенің тарихымен танысып, естігендерін арнаулы дәптерге жазып алып отырды. Қаратал поселкасында оларға қарт партизан сол елкеде болған азамат соғысының кейбір оқиғаларын қызықты етіп баяндады.

— Бұл 1918 жылдың көктемінде болған оқиға еді. Еңбекші халық Совет өкіметі үшін жанаямай күресіп жатқан кез. Біз, кедейлер, партизан жасақтарын құрып, ақтармен алыстық. Бірақ, біз алғаш аз едік, сондықтанда шегінуге тура келді. Тауда, Тополевкада қорғаныс жасадық. Антоновка, Успенновка, Константиновка, Черкасский сияқты көрші селоларда да бекіністер жасалды.



Отряд жорықта.

12 село партизандарының атақты Черкасск бекінісі осылай ұйымдасқан...— деп қарт партизан өздерінің ерлік күресін ұзақ сонар жыр ғып айтып берді.

Галя Паришкова қарттың айтқандарының бірін қалдырмай жазып отырды. Жолда өздері айналып өткен ұйық сайда да үлкен сыр бар боп шықты. Бірде 700 жас партизан Гавриловкаға (қазіргі Талдықорғанға) сол батпақ сай арқылы өтіпті.

Қарт әңгімесін аяқтады. Бірақ, балалар көзі ұйқыға кеткенше өздерінің бақыты үшін күрескен аталары туралы ойлаумен болды.

Июньнің 29 күні сағат төртте жорықшылар Текелі қаласына келді. Бұл — кеншілер қаласы. Еңселі, қызыл шатырлы, ақ үйлер қаз-қатар тізіліп, сонау тау жырзасына қарай созылған. Балалар күнұзағына қаланы аралады. Саялы ағаштары тығыз өскен жасыл паркте, жаңа пионерлер үйінде болды. «Строитель» клубынан кинофильм көрді. Озат кеншілермен кездесті, олар балаларға заводта қорғасынды қалай балқытатындырын айтып берді.

Балалар Текелі қаласының биікте, ал кен орнының одан да 800 метрдей жоғарыда екенін біліп, дәптерлеріне жазып алды.

Ертеңіне азанда Саша ойнаған горн даусымен оянған балалар тауға бет алды. Жол бұрынғыдан да қиындай түсті. Тау басына қарай ирелеңдей шұбатылған соқпақ жол

жеткізер емес. Қатар қонған ақ шағалалардай үйлер бірте-бірте кішірейіп, алыста, тау жырзасында қалып бара жатты. Айнала шың, жақпар-жақпар тастар. Балалар биікке өрлеген сайын көңілдене түседі, шаршау дегенді ұмытқан тәрізді. Көк шалғынның жұпар иісі тынысты кеңітіп, көңілді өсіре түскендей.

31 июнь күні отряд межелі жерге жетті. Жазыққа қаз-қатар шатырлар тігілген. Ортадағы үлкен шатырдың төбесіне ілінген қызыл ту қоңыр желмен толқи желбіреді. Сұңқылдаған горн үні естілді. Талдықорғаннан келген бұл отрядты бір топ пионерлер қарсы алды. Олар Гвардейский ауданынан келген жорықшылар еді.


...Тау басына бұлт айналды. Сәлден кейін шелектеп жаңбыр құйды. Аспан қабағы

бір ашылмай-ақ қойды. Бірде жаңбыр селдете құйса, бірде саябырлай жауып басылар емес. Арада бірнеше күн өтті. Түс ауа күн ашылып, көк белестер жадырап сала берді. Жорыққа қатынасушылар да көңілденіп қалды. Горн ойналды. Қызыл ту желбіреді. Туристер слеті ашылды.

Қызықты мереке екі күнге созылды. Талдықорған облысының барлық аудандарынан келген туристер өздерінің өнерін, батылдығын, шыныққандықтарын көрсетті. Туристік эстафета өткізілді. Азимутпен бес километрге жорық жасалды. Көркем өнерпаздар өн шырқап, би биледі.

Жорық жолдарында Талдықорғандықтар көптеген бағалы заттар жинады. Олардың пионерлер үйінің бір бұрышы өлкетану музейі дерліктей. Мұндағы витриналарда пионерлердің өздері тапқан археологиялық заттар — қорғандардан тауып алынған құмыралар, сақиналар, моншақтар бар. Бұл жорықтан бері біраз уақыт өтті. Сонда да өлкетанушылардың жұмыстары бітер емес. Жорық кезінде жинаған заттарын зерттеп, ретке келтіру де біраз жұмыс. Саша Кушкаханов және басқа балалар да өз өлкесінен жинаған экспонаттарын мақтанышпен көрсетеді. Мұнда түрлі-түрлі гербарийлер де бар.

Өлке тарихын зерттеу де қолға алынған. Балалар Черкасск бекінісі, алғашқы комсо-




молдар жайындағы қызықты әңгімелерді жинап келеді. Талдықорған тарихын да құптап жазып жүр. Ал, Коля Чепенко мен Витя Корнев жорық кезінде өзен жағасынан бір ерекше тас тауып алды. Коля мен Витя тауып алған бұл тасты туристер базасының бастығы Иван Трифонович Карпихинге көрсетті. Ол бұл тасты қолына алып, қанша қарадала қараса да, айыра алмады. Сонан соң жақын жердегі геологтардың лагеріне барып қайтып еді, қуанышты оралды.

— Балалар, бұл метеориттің жарқыншағы екен, геологтар солай деді.

Мына хабар балаларды қатты қуантты. Олар бұл затты өлке тану музейінің көрнекті жеріне қойды.

...Өлкетанушылар бөлмесі кең де жарық. Сөйтседе, пионерлер көп жиналса, тарлық етеді. Міне, қазірде сәл кешігіп келген Коля Чепенко мен Володя Понтин есіктен басын зорға сұғып тұр.

— Неге кешіктіңдер, — деп жатыр оларға Саша Кушкаханов пен Юра Сон, — Валерия Александровна жаңа маршрут туралы айтып жатыр.



Облыстық слет ашылған жер.

Бөлме іші құлаққа ұрған танадай тыныштық. Валерия Александровна сөйлеп тұр.

— Биыл біз қазақтың атақты ғалымы Шоқан Уәлихановтың зиратына саяхат жасаймыз. Одан әрі қарай Семейге сапар шегеміз. Пароходқа мініп, Ертіс өзенімен Өскемен ГЭС-іне дейін барамыз.

Қуанышты балалар гуілдеп кетті. Жан-жақтан сұрақтар жауып жатыр. Олар жорық жолдарының жағдайын білуге ынтық...

Міне, жайраңдаған жаз келді. Балалар жаңа сапарға аттануға әзір. Сапарларың сәтті болсын, саяхатшы жас ұландар!

В. Беседин.

ЖАСТАР КҮНІ

29 июнь — совет жастарының үлкен мерекесі. СССР Жоғарғы Советінің Президиумы былтырдан бастап жыл сайын июнь айының соңғы жексембисінде мерекеленіп отыратын совет жастары күнін белгілеу туралы указ қабылдады.

Шат-шадыман жастық мерекесіне коммунизмнің жас құрылысшылары еңбекте де, оқуда да қолы жеткен зор табыстармен келіп отыр. Қазақстан магниткасы мен Соколов-Сарыбайдың кеншілері, Ембі мұнайшылары, Балқаш мысшылары, Қарағандының шахтерлері, тың өңірінің еңбеккерлері, Сыр бойының малшылары, Алматының студенттері бұл күні өз істерінің қортындысын жасап, Ұлы Отанға рапорт береді. Кен қопарған, тау-тау астық ұйген, мың-мың мал өргізген жігерлі, жалынды жастар жастық туын желбіретіп, той думанын қыздырады.

Қуанышты мерекенің алғы сапында коммунистік еңбек бригадасының мүшелері жүреді. Бұлар — өз еңбегімен, өзара қарымқатынастарымен, мінез-құлқымен көпке үлгі-өнеге көрсеткен абзал жандар. Мұндай құрметті атаққа ие болған жастар бригадасының мереке күнгі көтерген ұрандарынан ұлы көсем В. И. Лениннің «Біз коммунистік еңбек жеңісіне жетеміз» деген өсиетін оқуға болады.

Бұл күні от жігерлі жастар болашаққа көз жіберіп, алдағы істерге жоспар жасайды. Жетіжылдық жоспардың ұлы міндеттерін жүзеге асырушылар, сәулетті коммунизм сарайын салушылар екенін айқын танытады.

Той думаны қалада да, ауылда да, алыс мал отарларында да қызады. Жаз күніндей жайнаған жас жігіттер, қыздар Ұлы Отанымыздың кең аспанын әнге бөлеп, шаттық күйін шалқытады. Өз өнерлерін көрсетіп, жастықтың, сұлулықтың, күштіліктің, адалдықтың салтанатын паш етеді. Биылғы мерекенің бір ерекшелігі — Москвадан, туысқан республикалардан Қазақстанның тың жеріне келген жиырма бес мың қыз той думанын қыздыра түседі.

Той иесі — жас совет адамы. Ол мереке күні өзінің Отанға, туысқан Коммунистік партияға деген сүйіспеншілігін, коммунизм ісіне барлық жастық күш жігерлерін жұмсайтындықтарын дәріптейді.

Бала-бақыт



Ендеше, бұл дүние жүзінің бар баласы бақытты болсын деген ниетті білдіреді.

Біздің еліміздегі адамның ниеті де міне осы. Адам баласы тыныш тұрмыс құрса ғана, бейбітшілікпен өмір сүрсе ғана бақытты болады. Соғыс — бақыттың жауы. Ол — бүліншілік. Ол — адам өмірін жоюшы. Адамның ғасырлар бойы еңбектеніп жасаған байлығын, мәдени мұрасын құртушы, бүлдіруші.

Сондықтан, дүние жүзі еңбекшілерінің соғыстан жаны түршігеді. «Жойылсын соғыс!», «Дүние жүзінде бейбітшілік жасасын!» деген ұрандар қазір барлық халықтардың аузында. Олардың бейбітшілік жолындағы күресінің тірегі — сенің Отаның — Советтік Социалистік Республикалар Одағы.

Еліміз империалистер бастаған соғыстың ыстығын да, суығын да бастан кешірді. Бірақ, Социалистік Отанымыз еш уақытта жеңіліп көрген жоқ. Құтырынып келген жаулардың сан рет сазайларын тартқызды. Егерде, канқұмарлар тағы да соғыс ашса, онда капитализм дүниесінің күлі көкке ұшатыны сөзсіз.

Алайда, еліміздің мақсаты — бейбітшілік. Біз сәулетті коммунизм қоғамын бейбітшілікпен, бейбіт еңбекпен орнатамыз. Елімізде, сол мақсатпен жаңа жетіжылдық жоспар жасалып отыр. Сол жоспардың, коммунизм жоспарының орындалуына қазір ересектермен бірге, балалар да өз үлесін қосуда.

Елімізде балаларға ерекше қамқорлық жасалған. Мектеп оқушылары мен пионерлерді пайдалы еңбекке баулу үшін, оларды коммунизмнің болашақ құрылысшылары ету үшін мектептерде жаңа Заң жүзеге асырылуда.

Қазір республикамызда жалпы білім беретін 9.915 мектеп бар, онда 1515 мың бала оқиды.

«Бала — бақыт» — деп тегін айтпаған халық. Ол балаға деген шын махаббаттан, зор сүйіспендіктен, аталық-аналық адал жүректен шыққан шынайы сөз. Бала — ата мен ананың болашағы, солардың өмірінің жалғасы. Адам өмірді қандай сүйсе, баланы да сондай сүйеді.

«Әлемдегі әр адамның өмірі сәнді болсын, әрбір бала бақытты болсын!» Мінекей, адал ниетті, ізгі тілекті әр адамның бар арманы осы болуға тиіс.

Италияның атақты прогресшіл ақыны Джанни Родари бір өлеңінде:

«Бала бар қанша әлемде,
Бала бар қанша әр елде.
Біреудің болып жарлығы
Бір сәтте күлсе барлығы».

— деп жырлайды.

Қандай ізгі тілек. Күлкінің өзі бақыт қой. Ол қуаныштан, шаттықтан тұмай ма!

Алдағы уақытта, сендер үшін мектеп-интернаттардың саны көбеюге тиіс, балалар! Соңғы үш жылда Қазақстанда жиырма екі мектеп-интернат ашылып, оған 4500 оқушы орналасты. Бұл тек істің бастамасы ғана. Биыл, 1959 жылдың өзінде ғана бізде 48 мектеп-интернат ашылуға тиіс, бұларда 11 мың бала болады. Ал, жеті жылдың ішінде республикамызда мектеп-интернаттың саны 480-ге, ондағы оқушылардың саны 134 мыңға дейін артады. Балалар бақшасы, ясли, санаторийлары, спорт алаңдары, емхана, кино-театр дегендеріңіз де жыл санап көбейе бермек.

Мінекей, егерде соғыс болса, балалардың осы бақытына нұқсан келер еді. Екінші дүниежүзілік соғыста қаншама миллиондаған балалар азап шекті. Мыңдаған балалар майданда өлді. Талай мектептер, емханалар, балалар бақшалары өртеніп кетті. Отар елдер мен жартылай отар елдерде мыңдаған балалар аштан қырылды, жұқпалы ауруларға ұшырады.

Соғыс өртін тұтандырушылар қазірде де халықтардың бейбітшілік тұрмысына кеселін тигізуде. Олар соғыс қару-жарағын шығаруды көбейту үшін жанталасуда. Соның салдарынан, қазір аштық, жалаңаштық, қайыршылық, жұмыссыздық капиталистік елдерде де, отар елдерде де мейлінше көбейіп барады.

Жақында, Американың көптеген газетінде екі кішкентай баланың суреті басылып, «Бұларды ата-анасы сатпақшы болды» деп жазылған. Полицейскілер олардың ата-анасын түрмеге жауып тастапты. Бұл оқиға, шындығында, былай болған екен. Ол екі баланың әкесі екінші дүниежүзілік соғыстың ветераны болса керек. Ол бір жылдан артық уақыт бойы жұмыс таба алмапты. Күн көрерлік бар жиған-терген дүниесін сатынып, үй ішімен Техас штатына көшеді. Онда да бақыт таба алмайды. Қалтасында көк тиын ақшасы қалмайды. Басын тауға да, тасқа да ұрғанмен, жұмыс табылмайды. Босқа сандалады. Әбден қиналып, өлер шаққа жеткенде, оның ойына бес жүз долларға екі баласын сатсам деген ой келеді.

— Бұлай етсем, ол екеуі аштан өлмес еді, әрі үйде қалған екі кішкентай қызымды біраз уақыт аман сақтап қалуыма себін тигізер еді...— депті ол.

Мінекей, бұл сұмдық анау-мынау елде емес. Жер жүзіндегі ең бай елдің бірі — Америка Құрама Штатында болған оқиға. Онда қазір жұмыссыз адамдардың саны сегіз миллионға жетіп отыр.


Ал, отар және жартылай отар елдердегі еңбекшілердің, олардың балаларының күні бұдан да қаран. Қараиб теңізіндегі американдық отары Гаитиде халқының тоқсан проценті сауатсыз. Англияның отары Нигерияның барлық халқы, оның ішінде балалары өмір бойы безгек ауруынан шықпайды. Алжир, Тунис, Боливия, Бразилия, Мексика, Чили, Парагвай, Гондураста да осындай хал. Бәрінде де еңбекші балалар мектеп есігін ашпайды. Көретін күні зорлық-зомбылық, азап-қорлық, аштық-жалаңаштық...

Бұл ауыр тұрмыс пен қорлық өмірге қарсы барлық отар елдерде азаттық күресер мен наразылықтар күн санап өріс алуда. Дүние жүзі елдерінің еңбекшілері, ең алдымен жаңа соғысты болдырмау үшін күресуде.

Адамзат бақыты үшін, балалар бақыты үшін бейбітшілік туын жоғары ұстау керек. Сол мақсатпен, бұдан тоғыз жыл бұрын, 1950 жылы 1-июнь — балаларды қорғаудың халықаралық күні болып белгіленді. Бұл күні жер жүзінің прогресшіл адамдары өз балаларының бақытты тұрмысын, тыныштық өмірін қорғап шығуға тиіс.

— Жойылсын соғыс! Бейбітшілік жасасын! Атом қаруларына тиым салынсын! Дүние жүзі халықтарының арасындағы ынтымақтық, бірлік жасасын! — деген айбынды үндер бүкіл жер мен көкті жанғыртады.

Біздің Ұлы Отанымыз — Советтік Социалистік Республикалар Одағы барлық елдердің еңбекшілерінің бұл үніне зор үн қосады. Бейбітшілікті қорғау адамзат бақытын, балалар бақытын қорғау күресінде бұдан былай да дүние жүзі елдерінің алдыңғы сапында болады!



Ертегі.

Баяғыда бір шаруаның екі ұлы болыпты. Бір күні шаруа қатты науқастанып, өзіне ажал таянғанын сезеді де, ұлдарын шақырып алады.

— Менің сендерге өсиеттен өзге қалдырар мұрам жоқ. Өлер алдындағы өсиетім: өнер үйреніңдер. Өнерсіз өмір — қуыс сарай, онда тірлік те, қызық та жоқ,— дейді шаруа.

Ұлдары әке өсиетін орындауға ант беріпті. Әкесін жерлеген соң олар бас қосып кеңесіпті де, өнер үйрену жайын ақылдасыпты.

— Ұшатын ат жасау өнерін үйренген дұрыс болар,— депті үлкені Асан.

— Жоқ, суда жүзу өнерін үйренген жөн,— дейді кішісі Әли. Әйтседе, олар лайықты өнер таба алмапты. Содан соң: «Асқан ақыл иесі — дана қартты іздейік, ол бізге үйренетін өнер тауып берер» — дейді.

Бірақ дана қартты қайдан іздеуді олар білмейді екен.

— Ол шығыста болуы тиіс,— дейді Асан.

— Жоқ, ол батыста болуы тиіс,— дейді Әли.

Олар тағы да бір белгілі тоқтамға келе алмай, дана қартты іздеп Асан шығысқа, Әли батысқа аттаныпты.

Ай жүріпті, жыл жүріпті. Соңынан екеуі де дана қартты кездестіріпті.

— Алған бетіңнен қайтпа,— депті Асанға дана қарт. — Алдыңда үлкен қала бар, қалада атақты шахматшы бар. Шахмат — пайдалы өнер. Ол көп өнердің атасы. Он жылда жер үстінде теңдесі жоқ шахматшы боп шығасың.

Батыстағы дана қарттың да Әлиге берген ақыл-кеңесі әлгідей болыпты.

Асан да, Әли де дана қартқа көп-көп рахмет айтып, оның сілтеген жағына жүріп кетіпті. Олардың бұдан кейінгі тағдыры да ұқсас болып келіп отырыпты. Асанның басынан не өтсе, Әлидің басынан да сол өтіпті...

Асан дана қарттың сілтеуімен атақты шахматшының үйін дәл тауыпты. Шахматшы оның көзіндегі талап отын көріп, өз мектебіне қабылдайды.

Асан шахмат өнерін өршіл талаппен үйренуге кіріседі. Он жылда ол атақты шахматшы болып шығыпты. Ол тіпті өзінің ұстазын да ұта бастапты. Он жыл өткен соң ұстазы:

— Шығыста саған тең шахматшы жоқ, сені тек батыстағы менің інімнен үйренген шахматшы ғана жеңуі мүмкін,— дейді.

Ол Асанды жақсы тілекпен шығарып салады. Қоштасарында балаға:

— Жеңдім деп тасып кетпе, жеңілдім деп жасыма. Өз басыңа ауыр серт берме,— дейді ол тағы да.

Асан ұстаз өсиетін ішке түйеді.

Ұстазы айтқандай, шығыста Асанға тең шахматшы болмайды. Ол өзімен кездескендердің бәрін жеңіп шығады. Атақты патша, батыр, қолбасылармен де сайысқа түседі. Не бір ойыншылар онымен тіресе алмай, өзінің жеңілгенін мойындайды.

Бұл жеңістер оның көңілін өсіріп, көзіне шел түсіреді. Ұстаз өсиеті, шаң астында қалған инедей, ұмыт болуға айналады. Енді ол судай тасып, көбіктей көпіретін болады. Патша, қолбасылармен бәсекеге түсіп, өз басын тігіп ойнайды. Ұтса олардан көп алтын алатын болады да, ұтылса өз басын беретін болады.

Бақытына қарай, Асан олардың бәрін де жеңіп, алтындарын алып отырыпты.

Мастану — Асанды теңіздей тасытыпты. Ол өзімен кездесетін ойыншы іздеп, бетін батысқа бұрыпты. Жеңістің буына мастанып жүріп, өзінің туып-өскен жеріне жеткенін де сезбей қалыпты.

Бұл кезде ауылға екінші бір шахматшы да келген екен. Кісілер батыстан келген бұл шахматшыны қатты мақтасады.

— Мен онымен ойнап ұтып шығамын,— дейді мұны естіген Асан,— егер ұтылсам, басымды беремін.

Жеңістің буына көзі тұнған ол інісі Әлиді танымайды да. Жүзі сары алтындай сарғайған Асанды Әли де танымапты. Ол ойнаудан бас тартпай, Асанмен сайысқа түсіпті. Олардың ойынына ел-жұрт көп жиналыпты. Асан Әлидің осал шахматшы еместігін ойын үстінде ғана байқайды. Әли оны ойлануға мәжбүр етеді. Асан енді жеңілмеу шарасын ойлап, қорғануға кіріседі. Қысылған кезде барып ол Әлиді таниды. Әлиге де өзін танытып, қоя береді. Бірақ берілген сертті бұзу олардың қолынан келмейді. Асан амал таппай сасады. Әли де қатты дағдарады. Асанның басына өлім хаупі шындап төнеді.

Әли бұл тұйықтан шығу жолын тапса сол табар деген оймен, ұстазына астыртын хабар жібереді. Ол көп ұзамай келіп жетеді. Асанмен Әлидің арыз-мұңын тыңдаған соң ол аз-кем ойланады да:

— Бұған бір-ақ амал бар, жан орнына жан керек. Ол үшін құнын төлеп, өз жанын қиятын адам табу керек, — дейді.

Бірақ, Асан үйіп-төгіп алтын ұсынғанмен, өлімге жанын қиятын адам табылмайды. Қатты сасқан ол осы кезде барып өз ұстазын есіне алыпты. Оған асығыс хабаршы жібереді. Ұстазы ұзақ күткізбейді, желмаямен жетіп келеді.

Әлидің ұстазы оның інісі екен. Көп жыл көріспеген екеуі бір-бірін танып, құшақтаса табысыпты.

Болған оқиғаны біліп, мән-жайға қанғаннан кейін үлкен ұстаз:

— Жеңдім деп таспа, жеңілдім деп саспа, деген ақылды естен шығарыпсың. Сөйтіп, асық сөйлеп, өз басыңа өлім қатерін алыпсың, — депті Асанға.

— Кешіре гөр, ұстазым! Құтқар мына қатерден! — деп жалыныпты Асан.

— Ар-намыс пен адам жаны алтынға сатылмайтынын да көзбен көрдіңдер. Басыңа қатер шындап-ақ төніпті, Асан. Бұдан шығар бір-ақ жол бар. Ағайын бір-бірін өзгеге қиғанмен, өлімге қимайды ғой. Екеуің тең ойынға келіңдер. Тең ойынға серт те жүрмейді, — депті ұстаз толғана сөйлеп.

Тұйықтан шығар жол тауып берген ұстазға Асан да, Әли де үлкен алғыс айтыпты. Бұдан кейін Асан тіпті де асық сөйлемейтін, өз басына ауыр серт алмайтын болыпты.

Ағайынды шахматшылардың өсімі алыстағы елдерге кетіп, даңқы көп жерге жетіпті.

Саид Баязитов.

Жастар творчествосы

ШЫҢҚЕТПЕ

Жанап өтсе бір досы,
Жиырылып қас-қабағы:
— Қағып кетті-ау, ойбай-ай! —
Деп шыр ете қалады.
Болмаса да кінәсі,
Мұқатуға қалайда,
— Сені қазір айтам, — деп,
Жүгіреді ағайға.
Отырсаң да қасына,
Шыңқ етеді Исабай.
Сәл нәрсеге сынатын
Кәдімгі көк шишадай.
Шона Смаханұлы.

САРАҢ

Қоян келіп бір күні,
Оятты түртіп кірпіні.
— Алмақ ем қадап түймемді,
Бере тұр, көршім, инеңді.
[Түйді кірпі қабағын]
— Жоқ болса, қайдан табамын!

Жанғали Набиуллин.

Студент.

ІНІМ

Қызық-ау шіркін қылығың,
Қызық-ау тілің былдырлап,
Жарасып тұр құрығың,
Ат қылып мінген шылбырлап.
«Мін, — дейсің, — көке, артыма,
Шапқылап бір қайтайық!»
Төбінің қойсаң тартына,
Кетеді атың қайқайып.
«Жылатып қояр көнбесең» —

Десе әжем маған өзілдеп,
Сендіресің сонда сен
«Жылатқам жоқ өзір» — деп.

Ораз Сабдыбаев.

Алматы облысы,
Іле ауданы.

ТІГІС ЖІП

Гүлқыз алып мамасының инесін,
Қадауға өзі үзілген бір түймесін.
Мамасына ұқсап ол да тігісті
Тісіменен қимақ болып тырысты.
Жіп-жіңішке жіпке тісі өтпеді.
Жіп-жіңішке жіпке күші жетпеді.
Еш нәтиже шықпаған соң ісінен:
— Әже, — деді, — қиып берші
тісіңмен.
Жауап қатпай күліп еді әжесі,
Көрінді тек қызыл иек еп-ерсі.

Тұрап Айдаров.

Адам дос

Нығымет Ғабдуллин.



— Мен өзімнің алдымда сөйлегендердің пікірін қайталамаймын, бір досым туралы айтамын,— деп жіңішке сұңғақ бойлы Нұрлан сөзін шұғыл бастады да,— ол досым — мынау Әсет,— деді қасында отырған көршісіне бір қарап қойып.

Әсет пен Нұрлан екеуі араларынан қыл өтпестей дос болатын. Бірі мен бірі жанжалдасып, керісіп көрген бала емес. Екеуінің үйлері де жақын, қораларының қақпасы біріне-бірі қарап тұрады. Әсет пен Нұрлан күнде мектепке бірге барып, сабақтан ылғи бірге қайтатын. Өздері сырлас, бірінен бірінің ешқандай жасырқан ісі жоқ. Олай болса, Нұрлан Әсет досы жайында не айтпақ екен? Оның сөзі Әсетке оқыс көрінді. Әсет оған жалт етіп қарады да «мен туралы не айтасың» дегендей қабақ танытты. Нұрланды санынан түртіп «мақтайсың ба» деп күбір еткісі келіп еді, алдында отырған сары қыз естіп қалар деп қаймықты. «Әрине, мақтайды. Мені нағыз досым Нұрлан мақтамағанда, кім мақтайды!» деп ойлады Әсет. Ол сәл күлімсірей беріп, селк етіп шошып, түсі бұзылып кетті.

— Мен Әсетті мақтамаймын... сынаймын,— деді Нұрлан. Өңі қызарыңқырап, сәл бөгелді. Оқушылар Нұрланға тегіс бұрылып қарап, таңырқасып қалыпты. Әсет пен Нұрланның ерекше достығын бұлардың бәрі білуші еді. Сондықтан, Нұрлан сөзі оларға да оқыс көрінгендей жайы бар.

— Кідіріп қалдың ғой. Әсет жайында не айтқың келіп еді? Ойыңдағыны түгел айт,— деп класс жетекшісі Нұрланды жетелеп жіберді.

— Әсетті мен өте жақсы көремін. Мұны өзі де біледі. Әсет жаман оқымайды, тәртіпсіздігі де жоқ. Мұны бәріміз де білеміз... Әсеттің үлкен бір кемшілігі бар. Әсет — олақ және мұның үстіне, жалқау. Ол үйге барғанда ешбір жұмысқа қолының ұшын тигізбейді, көмектеспейді. Мәселен, кеше әке-

сі жұмысқа асығып кетіп бара жатып Әсетке: «Есіктің алдының қарын сен күреп қоярсың» деп тапсырып еді. Ол мұны орындаған жоқ. Әкесі жұмыстан келген соң, түн ішінде, қарды өзі күреді. Мен Әсетке: «Әкеңнің тапсырғанын неге орындамадың?» — деп едім, ол «Ұмытып кетіппін» дей салды. Әсеттің бұл сөзін өзім бірнеше рет естідім. Терістігін айттым. Ал ол менің сөзіме ешқандай мән бермеді. Осынысы дұрыс па? Бұл сұрауға Әсеттің өзі жауап берсін... Өзге сөзім жоқ. Мен болдым.

Нұрлан орнына отырды. Әсет оған арқасын беріп, теріс қарады. Оқушылар өзді-өздері күбірлесіп, сыбырласып, класс іші гүлдеп кетті. Мұғалім столды тықылдатып, балаларды тәртіпке шақырды.

— Сұрау бар ма? Енді кім сөйлейді? — деді ол.

— Әсет сөйлесін.

— Ол сөзін алға шығып айтсын.

— Біздің Әсетке қоятын сұрауымыз бар,— десіп, оқушылар Әсетке сөз берілуін қалады.

Әсет орнынан құлақ-шекесі қызарып түрегелді, сөзі де қысқа болды.

— Есіктің алдының қарын күремегенім рас. Бірақ, мен жұмыстан қашқан жоқпын, ұмытып кетіппін. Мен олақ емеспін, жалқау емеспін. Нұрланның сөзі өтірік! — деді.

Алдыңғы партада отырған сары қыз бұл сөзге қатты күліп жіберді. Әсет қабағын түйіп, орнына отыра кетті.

Әсет класс жиналысында қатты сыналып шықты. Бірге оқитын құрбылары оның жұмысқа қырсыздығын, жалқаулығын бетіне басты. Манағы сары қыз Әсетті «нәуетек, еріншек» деп кекетті. Тілінің өткірін қарашы! Әсеттің арқасына біреу біз сұғып ал-

ғандай болды. «Саған не жоқ, сабақтан себепсіз екі рет қалғаның үшін түнеугүні жиналысқа өзің де түсіп едің ғой»,— деп Әсет, ол сөйлеп тұрған кезде ішінен ызаланып отырды. Бірақ, оның сөзін естімеуге амал бар ма? Жиналыстан шығып кетуге болмайды. Бұлай етсе, барып тұрған сотқарлық болар еді. «Бар пәлені бастаған—Нұрлан! Өзінше пысықсынып, көзге түскісі келіп, мені сынады. Жиналыстан шыққан соң оңашада Нұрланның сазайын тартқызығысы келді.

Күн кешкіріп, қара көлеңке түсіп қалған уақыт еді. Әсет мектептен бұрынырақ шығып, ілгері озып кетті де, Нұрланды бір үйдің тасасында күтіп тұрды. Қолына жерде жатқан кірпіштің бір сынығын алып алды. Басына қандай ой келгенін кім білсін, әйтеуір, Әсет үлкен үйдің қараңғы бұрышына жабысып тұрып, Нұрланды күтті.

Көшеде келе жатқан балалардың күлкісі естілді. Әсет сығалап қарады. Нұрлан қасындағы екі жолдасына бір сөздерді айтып күлдіріп келеді екен. Олар мұның тұсынан өте беріп, кідіріп бөгелді де, Нұрлан екі жолдасынан бөлініп, үйіне қарай жалғыз беттеді.

Әсет көшенің сыртымен жүгіріп отырып, одан озды да, Нұрланның алдынан шығып, жол үстінде күтіп тұрды. Құрбысы жақындай бергенде ол нақ бір күреске түсетін адамша оңтайланып, бір иығымен қырындай бұрылып, ілгері жүрді. Еш күдіксіз қасына тақап келген Нұрланды қос қолымен жағадан ала түсті.

— Әй Әсет, не болды саған? Жындандың ба? — деп Нұрлан сескеніп қалды.

— Сенің менде қанша шаруаң бар? Осыған жауап бер қане! — деп Әсет бұрқ ете түсті.

— Өзің қызық екенсің! Жібер деймін қолыңды, жағамды жыртасың.

— Жібермеймін! Сазайыңды тартқызамын. Жиналыста мені жамандағыш адамсың ғой.

— Ә, солай ма, өш алмақ екенсің ғой,— деп Нұрлан қатты бұлқынып, Әсеттің қолын қағып жіберді.

Әсет қайта ұмтылды. Екеуі ұстаса кетті. Нұрлан аяқтан шалып қайырып қалғанда, Әсет қалпақтай түсті. Бірақ, ол жығылып жатса да Нұрланды жағадан алып босатпады.

— Жібермеймін! Сазайыңды беремін сенің! — деп әрі айбат шегіп, әрі жығылғанына намыстанып жатыр.

— Саған төбелес керек. Мен төбелес-

пеймін. Босат қолыңды, жібер! — деп Нұрлан бұлқынды.

Екеуі осылай тіресіп жатқанда дәл қастарынан біреудің қатқыл жуан дауысы естілді.

— Бұларың не? Не жетпеді екеуіңе? Әй, екі дорақ!

Нұрлан басын көтеріп жалт етіп қарағанда, қарсы алдында қолында имек таяғы бар өзінің атасы тұр екен. Бала қатты қысылып қалды. Ұяла түрегеліп, теріс айналып, үстінің қарын қақты. Әсет те үнсіз түрегеліп еді. Ол малақайы мыжырайып төмен қарағанда, жерге жұлынып түскен үлкен қара түймені көзі шалды. Нұрланның пальтосының түймесі екенін тани қойды. Етігінің тұмсығымен білдіртпей басып, түймені қар астына сүңгітіп жіберді.



Көшеде жағаласып, керісіп қалған екі дос үйлеріне келген соң өздерінше ойға шомды.

«Менің еш жазығым жоқ еді. Әсеттің кемшілігін жиналыста айтқаным дұрыс. Бұған дейін ол менің сөзімді елемеді ғой. Жұрттың көзінше сынағаным жөн. Бір адамнан гөрі көп адамның ықпалы күшті емес пе? Әсеттің жұмысқа дегенде жалқау екені рас. Күрек ұстаса, қолы лезде аппақ боп қолдырап шыға келеді. Қыздардан да нашар... Ұят емес пе!.. Әй, өзімнен де бір қателік кетті-ау, Әсетпен көшеде неге алыстым екен? Екеуіміз ғой жас балаларша төбелесіп қалсақ, әбден масқара боламыз.

Ол қатты ашуланды, ал мен ызаланып кеттім... Әй-әй, дұрыс болмады. Біздің мұнымызды ертең өзіміздің балалар білсе күлетін шығар... Қыздар естімесе екен... олар оңдырмай мазақтайды...» деп қинала ойлады Нұрлан.

«Нағыз дос қандай болады? Нұрландай бола ма? Жоқ. Нағыз досың сені әрқашан қадірлейді, сыйлайды, жамандамайды, жиналыста жұрттың көзінше сынамайды,— деп ойлады Әсет.— Тоқтай тұр, Нұрлан, кімнің көк жалқау екенін білерміз әлі... асықпа!»

Сөйтіп, екі достың арасында осындай бір қолайсыз хал туды. Әсет Нұрланның жолдастық сынын теріс түсінді. «Оның жиналыстағы сөзінің есесін қайтарармын» деп байлау жасады.

Сонымен, арада бірталай күн өтіп те кетіп еді. Бұл уақыт ішінде Әсеттің өз басында бір өзгеріс болған сияқты. Ол бұрынғыдай емес, үй ішінің әртүрлі жұмысына көбірек қолғабыс тигізіп жүрді. Таңертең тұрып құдықтан ат суара қою, шөп салу, отын ұсақтау секілді жұмыстарды айтқызбай-ақ өзі істеп жүрді. Бір күні қораның төбесінің қарын аршыды. Екі алақанын бірдей қолдыратып алды. Бірақ, мұны үй ішіне айтқан жоқ, ешкімге сырын білдірмеді. Келесі күні есіктің алдын тазалайын деп қолына күрек алып еді, екі алақаны удай ашыды. Сондада төзді, күректі лақтырып тастамады.

Әсеттің күнбе-күн көзге түсіп, осындай түрліше істерді атқарып жүргенін Нұрлан да байқап еді. Кей күндері құдықтан ат суаруға екеуі қатар барып та қалып жүрді. Нұрлан құрбысымен бұрынғыша жарқылдасып сөйлескісі келеді. Бірақ, Әсет оны көргенде қабағын түйіп, сырт береді. Нұрланмен тілдесуді қаламайтындай. Баяғы ашуы әлі тарқамағандай. Мектепке сабаққа барғанда да ол Нұрланға жуымай, салқын қабақ танытып, бөлектеніп жүрді.

Ал, Нұрланда Әсетке деген реніш-ыза жоқ. Алып-ұшқан жас көңілі жақсы достықты ғана қалайды. Бұрын ылғи күнбе-күн кеш батарда Әсет екеуі таза ауада сөйіл құрып бірер сағат жүруші еді. Қайда кетті сол тәтті сәттер!

Нұрлан тысқа шығып еді. Өз үйінің алдында қақпаға сүйеніп Әсет те тұр екен. Нұрлан бұған үнсіз тақап келді де, баяу үн қатты.

— Не ойлап тұрсың? — деп ашық көңілмен жымыып сөйледі. Әсет үндемеді.

— Жәй тұрсың ба? — деді Нұрлан. Әсет жауап қайырмады.

— Жүр, біразырақ серуен жасап қыдырайық... әңгімелесейік.

— Бара бер өзің. Сенімен бірге жүргім келмейді,— деп Әсет қолын сілтеді.

— Әнеүнгі ашуың әлі тарқаған жоқ па? — деді Нұрлан күлімсіреп.

— Оны өзім білемін. Сенің кім екенің маған енді мәлім.

— Менің саған ешқандай жамандық ойлаған жерім жоқ. Біз доспыз ғой.

— Сен сықылды мақтаншақпен бұдан былай ешкім де дос болмайды. Бар, тайып тұр!

Әсет теріс айналды. Нұрлан үн-түнсіз келген ізімен кейін қайтты.

Екеуі тағы да табыса алмады. Осылайша бір-біріне қабақ түйісіп жүре бермек пе?! «Жиналыста оны бекер сынаған екем. Сондағы сөзімнің еш пайдасы тимеді ғой Әсетке» деп қынжылып қалды Нұрлан. «Біз доспыз дейді тағы да! Дос болса бүкіл кластың алдында мені неге сынайды? Неге жалқау дейді? Достық сөздің қандай болатынын білемін мен!» деп ойлады Әсет.

Бірақ, ол достық сөздің қандай болатынын келесі күні басқаша естіді. Үйден шыға берген Әсет өз әкесінің бұл жайында біреумен сыртта сөйлесіп тұрғанын көріп, бөгіліп қалып еді. Қорада бойын тасалағанмен, сырттағы дауыс оған анық естілді. Әкесі Әсет сыналған жиналыстың мән-жайына қанық екен. Соңғы кезде баласының ерекше ширағанын, үй ішіне көп қолғабыс тигізіп жүргенін қуанып айтып тұрды.

— Құрбылары өзін мықтап сынаған екен, содан бері Әсетім пысық боп алды. Көресіз бе, достық сөздің қандай әсер еткенін! — дейді әкесі.

Әсет бұл сөзді естімеген кісі болып, тамағын қырып өтірік жөткірініп, сыртқа шықты. Қақпаға сүйеулі тұрған айырды алып, мал қораға таман бұрылды.

— Балам, қайда беттедің? — деді әкесі.

— Бұзауға шөп салатын уақыты болды,— деді Әсет кетіп бара жатып...



БАҒАНА, СЫМ ЖӘНЕ МОНТЕР

Сым мен бағана ұзақ жылдар бойы көрші болып, тату-тәтті өмір сүрді. Екеуінің де қызметтері жайлы болатын. Сым бойынан үздіксіз ток өткізіп тұрады, бағана болса, сымның өмірін әртүрлі хауіп-қатерден сақтап тұруға тиісті еді. Кеш сағын сым ызыңдап, бағана гуілдеп ұзақ-ұзақ әңгімелер айтатын. Сондықтан да, олардың бір-бірінен жасырын сырлары да болған жоқ. Кейде екеуі де үн-түнсіз тына қалып, соңғы хабарлар, әңгіме ертектер, сұлу әндер де тыңдайтын.

Күндердің күнінде жолаушылап бара жатқан екі адам аттарын бағанаға байлай салып, өзара әңгімеге кетті. Сөзден сөз шығып, радио туралы да айтылды.

— Техниканың кереметі-ай! Мына бағанаға ілулі тұрған сым болмаса ғой, радио да сөйлемейді, электр шамы да жанбайды. Ғажап емес пе! — деді бірі таңдайын қағып.

Бұл сияқты сөзді сым бұрын да талай естіген еді. Ал, мына сөзден соң ол едәуір көтеріліп қалды. «Бағананыкі бос тұрыс. Менің қызметім болса бір жөн: күні-түні әр жерден сөз тасисың, бағанадан бағанаға аттап діңкең құриды. Ой, ауыр ғой маған. Осы қызметте жүріп-ақ тотығып бітетін болдым ғой».

Өзінің осындай ауыр халін ойлағанда сым көзіне жас алып, қатты бір күрсініп алды. Бағанаға жирене қарап, бір ызың етті. Сол күнен бастап сым бағанаға назар аударуды қойды. Бағана қанша гуілдеп, әңгімеге шақырғанмен, сым жауап қатып ызыңдаудан қалды. Күннен күнге шыдамы таусылып, іші пысқан бағана бірде сымға былай деп жалынышты үн қатты:

— Қадірлі достым-ау, арамыз неге суып кетті бұл! Баяғы тату-тәтті достығымыз қайда? Неге үндемейсің? Әлде бір нәрседен көңілің қалды ма? Айтсаңшы, сым достым-ау!

— Е, сен екеуміз қашаннан бері дос едік? Сен маған дос емессің, менің даңқыма ортақ болып жүрген арамтамақсың. Кім осы елдің қадір тұтып, құрмет көрсетіп жүргені? Әрине, мен! Ал енді мазаны алма. Бүгін радиодан маңызды хабар беріледі. Жұрт жақсы есту үшін мен ештеңеге де алаң болмауым керек. Босқа бөгет болмай, жайыңа тұр.

Бағана қатты қайғырды. Ол көп жыл бойғы қымбатты досынан, қадірлі көршісінен біржола айырылғанын білді, түнімен тыным таппай гуілдеп шықты. «Ә, бәсе, солай болар! Менсіз күнің қалай екен?» деп масаттанды сым.

Бағананың қайғысы күн санап қалыңдай берді, өзегі шіри бастады. Бір күні күшті дауыл тұрды. Аспанда найзағай шартылдап, жаңбыр селдеп құйды. Бойын дерт билеген шірік ағаш табиғаттың долы күшіне қарсы тұра алмады: ол ақтық рет гу-гу етті де, басын иіп, гүрс етіп құлап түсті. Бағананың зілдей салмағын көтере алмай, сым да бірнеше жерден быт-шыт болып, үзіліп кетті. Сол күні көп үйлерде радио сөйлемей қалды.

Ертеңіне сым үзілген жерге монтер келді. Ол сынған бағананы былай сүйреп тастап, жаңа бағана орнатты. Оның ендігі ойы үзілген сымды қиып тастап, жаңа сым тағу еді. Мұны сезген сымның зәресі кетіп, үрейі ұшты. «Ойпырмай, жайлы қызметтен айырылдым-ау. Ой, ендігі күнім не болар екен? Ана жылғы менен бұрынғы сым сияқты шөп бастыратын бұрау етсе, қалған өмірім өксіп өткені емес пе?»

— Қымбатты монтержан, мені қия көрмеші, Мен енді үзіліп, сөз бұзбаймын, сені әуреге салмаймын, бағаналармен ұрыспаймын. Мені жалғай салсаңшы, монтержан. Өмірімде жақсылығыңды ұмытпаймын.

— Жоқ, болмайды. Мен үзілген сымды ауыстыруға тапсырма алғанмын, — деді монтер қолындағы қайшысын сырт-сырт еткізіп.

— Радио сөйлеп тұрса, сенің ауыстырған ауыстырмағаныңды қайдан біледі. Сан кездескен таныс едік қой. Жалғай салшы, мен өмірімде ендігәрі асып-таспайын.

Монтер сымның сөзін жыға алмады. Үзілген сымды жалғады да, жөніне кетті.

Сым қазір жуас, бұрынғыдай мақтанбайды. Бағана екеуі сым тотыққанша, бағана шірігенше достасуға сөз байласыпты. Олар өте тату тұрады. Нанбасандар сымның ызыңына, бағананың гуіліне құлақ салыңдаршы.



Қабидолла Шотанов.



ТРАМ ВАЙДА

«СЫРШЫ»

Мен мәнерлеп чемоданды,
Сырлап едім — жаңаланды,
Маратжанның тентек қолы
Көп шұқылап, бүлдірді оны.

Бетке жақты қолдың сырын,
Күлдік көріп оның сұрын:
Ол ыза боп қынжылады,
Тентектікке кім кінәлі!

Әдібай Табылдиев.



Трамвайда отыр Мұрат,
Орындықты иеленіп,
Қатарына ақсақал қарт,
Орын таппай тұрды келіп.



Мұғалімі есік ашып,
Кідірісте кәріп келді.
Сонда Мұрат асып-сасып,
Мұғалімге орнын берді.

Мыңатай Қыстаубаев.

Ташшілер

Очерк

Март айы мазасыз болды. Бірде жапа-лақтап қар жауса, бірде сатырлап жаңбыр жауып, жұртты әбден ығыр қылды. Кейде ел орынға отыра бере, басталған жаңбыр бір тәулікке созылып, сылбырап жауады да тұрады.

Бүгін ертеңгілік күн ашылып, жұрт арқасы кеңіп, қорадағы малдарын жайылымға жіберіскен-ді.

— Күн жақсы болып тұр екен. Төңіректі шиырлай бергенше, қойды кең жерге — Қозыбастың арғы бетіне жаямын ғой деймін,— деді Сағымжан Күміс апайға, іргеде ілулі тұрған қамшысын алып жатып.— Сен анау қозылы қойларды қырға шығарып жай.

— Жаярын жаямын ғой. Бірақ жаңбыр жауып кетсе, жас қозыларды жалғыз өзім қораға жеткізе алмай жүрмесем.

— Үңгіртастың жауыны жауса жауа салады. Бақыл бол.— деді де, Сағымжан сыртқа шығып, атына мінді.

...Түске дейін айнадай ашық аспан түс ауа бере кенеттен алай-түлей болды да кетті. Ауа райының бұзылғанын көрген халық әлгінде өріске жіберген малдарын айдап келіп, қораға қамап жатты. Әукен де бұзауын іздеп, селоның солтүстік батысында өркеш-өркеш созылып жатқан қырқалардың бір биігінің үстіне шығып, айналаға көз салды. Шоқының күнбатыс жағы — жазық алқап, былтырғы жоңышқа орны. Онда қарайған мал көрінбейді. Ал, шығыс жағында — қойдың қорасы. Онан әрі — өзек, жарқабақты терең өзектің үстіне төне орналасқан үйлерден бастап, кең жайылып село жатыр. Қырдың оңтүстігінде — қалың қой. Қойдың ішінде асығыс жүрген бір адам. Бұл маңда да бұзау жоқ. «Мүмкін, қой қорасында болар» деген ой келді Әукенге. Ол тез басып, солай қарай беттеді. Етекке түсе бере сіркіреп жаңбыр жауа бастады.

Жаңа туған қозыларды қолтығына қысып, қораға жүгіріп бара жатқан Күміс апай Әукенді көргенде:

— Әукен қарағым, көмектесіп жібер. Күн ашық болған соң қозыларды күнеске шығарып едік... Әлгі Сағымжан да бүгін «кең жер, кең жер» деп, қойды Қозыбастан әрі асырып кетіп еді, әлі жоқ. Енді міне, жас қозылар жауынның астында қалатын болды,— деді жайын айтып.



Дина жас төлдерді күн шуакка алып шықты.

Әукен екі қозыны екі қолтығына қыса салып, қораға қарай жүгірді. «Жүзден аса қозы бар екен, бәрі де жаңа туғандар, мұны тез жинауға екі адамның халі келе ме?» — деп ойлады ол. Қозыларды қора ішіндегі құрғақ сабан үстіне тастай салып, селоға жүгірді.

Бір қарағанда қораға еніп бара жатқан Әукен, қазір селоның шетіне барып қалыпты. Күміс апай оның соңынан айғайлап, қолын бұлғап еді, бірақ Әукен кейін қайтпады. Ол сәл тоқтап, село жақты нұсқап, сонан соң қораны көрсетіп, бір нәрселер айтқан болды да, жүгіріп кетті. Апай оны өзінше ұқты да: «Қап, мына шіркін қайырымсыз екен ғой, қасқыр көрген ешкідей зытып бара жатқанын қарашы». — деді кейісті үнмен.

Жаңбыр күшейе түсті. Әукен еңтігіп жүгіріп келеді. Селоға кірген соң, өзімен бір класта оқитын Динаның үйіне тартты.

Көшенің іші балшық. Аттың, адамның, арбаның ізіне тұрып қалған жаңбыр суын байқамай басып қалса, балш ете түсіп, балшық аралас су жан-жаққа шашырап, екі балағын әбден былғады. Оған қараған Әукен жоқ. «Дина үйінде ме, әлде, бір жаққа кетіп қалды ма?» — деген ойда.

Ол үйге тасыр-тұсыр етіп, кіріп келді. Бұрын мұндай ерсі мінез көрсетпеген Әукеннің бұл ісіне үйдегілер таңдана қарасты.

— Дина, далаға шығып кетші,— деді ол, еңтігін баса алмай. Өзі тез сыртқа шықты. Іле-шала Дина да келді.

— Сен жылдам бар да, көршідегі балаларды ертіп шық. Мен тағы бір-екі балаға барамын. Он шақты бала жинау керек. Басқасын кейін түсінерсің. Бол, бол! — деді ол Динаға «еш нәрсе сұрама» деген пішінмен. Екеуі екі жаққа кетті.

5—6 минутта-ақ бір топ бала қырдағы қора жаққа бет алды.

...Жаңбыр шелектеп құйып тұр. Үңгіртастың қысы-жазы тынбайтын беймаза желі жаңбырмен қабаттаса келіп, ұйтқи соғады. Жаңбыр мен суық желге шыдамаған жас төлдер дір-дір етеді.

Балалар келе килікті. Олар алғашқы кезде екі қолтыққа екі қозыны қыса салып, қораға тасып еді, ол жерге жеткенше, онсыз да жаңбыр астында әлсіреген қозыларды өлтіріп алу хауіпі туды. Енді сырт киімдерін шешіп алып, қозыны соған орап тасыды. Кейбірі асығыста тайып жығылып қалып, қайта түрегеледі. Қора мен қойдың арасында ерсілі-қарсылы жүгірген адамдардың аузынан шыққан демі мен бастарынан шыққан бу желді күнгі түтінге ұқсап шалқиды. Бауырынан төлдерін алып кеткендердің соңынан қозының енесі маңырап жүгіреді. Сатырлаған жаңбыр, гуілдеген жел, маңыраған қой «өлтіріп аласың, жөндеп ұста, аяғынан тартпа, төсінен көтері!» — деген адамдардың даусы қосылып, у-шу болып, бір қызу майданның белгісін беріп тұр.

Қырдағы қозылар түгел әкелінді. Балалардың үсті малмандай су, балшық. Жейде, көйлектер денеге жабысып қалған. Көң иісі шыққан жылы қораның ішінде тұрып, киімдерін шешіп суын сығып жатыр. Бірінің кейпіне бірі қарап күліседі.

Сыртта қалған қойларды қораға айдап кіргізіп, Күміс апай да келді.

— Көмектескендеріңе рақмет, айналайындар. — деді апай, басындағы орамалын қолына алып, суын сығып жатып, — өздерің әбден-ақ су болдыңдар-ау, ә. Енді үйге жүріп, ыстық тамақ ішіңдер. Жылынып, киімдеріңді кептіріңдер, қарақтарым. Бұл көмектеріңді мұғалімдеріңе де айтармын.

— Үйіміз жақын ғой, қазір-ақ барамыз, апай, — деді Әукен, жолдастарының атынан сөйлеп. — Мұнан былай біз сізге көмектесіп тұрамыз. Осы қозыларды өзіміз күтісеміз.

Әукен жолдастарына қарады. Олар да осы ойды қалады. — Енді жиі келіп тұрамыз. — деп, бәрі де бір тоқтамға келісіп қайтты.

* * *

Бұл іс ертеңіне-ақ бүкіл мектепке жайылды. Әукендер оқитын «Үңгіртас» орта мектебінің оқу ісінің меңгерушісі Қаблан Қаптағаевтың басқаруымен төлді күтушілер іске кірісті.

Төл күтушілер тізіміне бірінші болып жазылғандар қатты жауын кезінде қозыларды өлімнен сақтап қалғандар болды. Осыдан бастап, төл күтушілер қырдағы қораға барып бір-екі сағат жұмыс істеп қайтып жүрді.

Алғашқы кезде не жұмыс істейтінін, жұмысты қай жағынан бастайтынын білмеген балалар шуақта жатқан қозыларды қолдарына көтеріп, сипап, ағайлардың келуін күтіп тұрды. Олардың не жұмыс істейтінін Қаблан ағаймен бірге келген Сақан айтты. Балалар ол кісімен тегіс амандасты.

— Сендердің ең бірінші қолға алатындарың — қозы мен қойдың жататын орнын тазалап, құрғату, — деді Сақан, істейтін істі тәптіштеп түсіндіріп. — Сонан соң, көптеген саулық өз төлдерін емізбейді. Ал, жаңа туған қозы енесін танымайды. Сондықтан, олардың қозыларын бір-біріне ауыстырып алмай, енесін ұстап тұрып еміздіру керек. Әзірге беретін тапсырмам — осы, қарақтарым. Ал, қозылар өскен соң оларды бағу сендердің қолдарыңда болады ғой.

Балалар үйлеріне барып, күрек, айыр, тырма сияқты құралдарды алып келді де, қой қораның ішін тазалауға бәрі бір кісідей қызу кірісіп кетті.

Жәнібек Кәрбозин.



Әукен достарымен бірге қора тазалауда.

Суреттерді түсірген Жалғасбай Жандиллин

Ал бұл

М. Зверев.

Ертістің кең алқабы, қаулап жоғары көтеріліп қалған көк майсаның ауыр шық маржандарынан белі бүгіле түскен, майдың салқын сәресінде баяу ғана теңселеді. Таң самалымен шабыттана келген біздер, қайықты құм суатқа қалдырдық та, қармақшы — жабдықтарымызды иыққа арта тастап, шық мәйектің ортасымен жосылта із қалдырып, шабындықтың түкпіріне бойладық.

Шешек атқан мойыл тоғайының хош иісі сарайды аша түскендей. Ақ ұлпа гүл жамылған шоқ-шоқ, аласа бұталар бейне бір ақ торғын киген қыз — қызғалдақтарша көлбең қағады. Ұлпа бұталардың арасынан май түнінен шабыт алған бұлбұлдар шаттана ән шырқайды. Құсқанатты әншінің күміс сыңғыр үні тоқсан толқып, тоқсан құбылады. Ертеңгі таза ауа ән әуенін көтере түскендей. Сары шымшықтар да тал басына, құрайларға қонып алып бұлбұлдармен бәсеке таласқан болады. Ол бейбақтар шықылығы өзіне жақсы естілгенмен, өзгені елең еткізбесін қайдан білсін. Жыл құстарының ең кенже келетіні де осы сары шымшықтар. Олар жуырда ғана келіп жеткенді. Сөйткенімен август айында бұл шабындықтың ішінен олардың бірде бірін көре алмайсың — қысқы мекеніне кетіп те үлгіреді. Сары шымшықтың балапандары да, өзге құстардың балапандарына қарағанда, тым тез жетіледі — онан басқа лажы да жоқ. Қайткенде екі ай ішінде бәріне үлгіру керек. Әйтпесе, ата-анадан қалып қоясың! Мұнда қыс қатты болады, паналар жәй табу да қиын.

Жалтыр айдынын әлі шылау баспаған көлдің жағасына келіп біз қармағымыздың бауын тарқата бастадық. Табан балықтың таңертең ертемен және кешке күн ұясына қонар кезде, мойылдың гүлі шешек атып тұрған кезде, қармақты жақсы қабатын әде-



ті бар. Міне, біздің зор үмітпен, құлқын сәріден келіп, неге екенін өзіміз де білместен, кәнігі балықшыларша қармаққа бір үшкіріп суға сүңгіткен себебіміз де осы еді. Шашырап шығып келе жатқан алтын күннің шапағымен арайланған жалтырдың бетінде қалтқылар қыбыр етпей тұрып қалды. Тіпті күлшабақтар да қармаққа жолар емес. Аптығып келген кеудедегі алғашқы ыстық сезімде, қалтара қалған қалтқыларша, тез басылды. Сөйтіп, бұл жерден торыққан біздер, орын ауыстырып, бағымызды көлдің екінші шетіне барып сынауға ұйғардық.

Біз орнымыздан көтеріліп бірнеше қадам басысымен-ақ, аяғымыздың астындағы қалың мәйектің арасынан дар қоңыр пыр ете қалды. Үйрек зу көтерілген бетте жалтырға шолп етті де, жалма-жан біресе оңға, біресе солға жалт-жұлт бұрылып қараумен болды.

Сөйтсек, біздің қақ аяғымыздың астында оның ұясы бар екен. Ұя толған аппақ ақ жұмыртқа.

Ұяның айналасындағы шөпті жапырмауға тырысқан біздер, дар қоңырдың аналық міндетін орындауға кедергі жасамайық деп, жырақтай жөнелдік.

Біздің шеттей беруіміз-ақ мұң екен, ана-үйрек түкке қарамастан, жан ұшыра ұяға ұмтылды. Ол жалп етіп келіп қонды да, жұмсақ, жылы мамығымен аппақ жұмыртқаларды қызғана жапты. Бірақ бұл кеш

қалған қызғаныш еді. Ұяның беті бірнеше минут ашық қалғанда-ақ, қос құзғынның көзі ақ жұмыртқаларды шалып қалғанды. Міне, сол екі сұм құзғын ұяның екі жағынан, сұғына келіп отырды. Аузын ашып қыт-қыттаған ана-үйрек біресе оң жағындағы, біресе сол жағындағы құзғынға жалбарына қарайды. Бірақ сұғынған сұм құзғындар жалбарынуды тыңдар емес, жамбастап жақындай түседі. Бір кезде, ымдасқандай-ақ, екі құзғын үйректі екі жақтан бассалды да, бірі оң, бірі сол қанаттан сүйрей бастады. Екі құзғын екі жаққа кере тартқандықтан, үйректі ұядан іле қозғай да алмады. Апыл-құпыл жұлқынған үйрек те бір қанатын босатып үлгіріп еді, бірақ екінші қанатты қапсыра тістеген құзғын оны ұясынан жұлқып ала жөнелді. Жандаусы шығып бақырған үйрек, екпінімен соққанда қара құзғын жалпетті, бұл заматта екінші ұя бұзар бір жұмыртқаны аяғымен қысып алып ұша жөнелді.



Осының бәрінің тез болғаны сонша, әр қимылға көздеріміз де жөнді ілесе алмай қалды. Тек екінші құзғын жұмыртқаны ала қашқанда ғана біздер, құзғындардың құлқынын түсініп, үйрекке көмекке ұмтылдық. Біздер тас лақтырып, бас киімдерімізді үйіріп құзғындарды үркіткен болдық.

Бірақ, ұя бұзар қу құзғындар алысқа кетпеді. Қалбағайлап ұшып барып таяудағы мойылдың арасына қонды. Қоқилана отырған олардың түрінен, қанша болса да тапжылмай күтуге бекінгендікті аңғару қиын емес еді. Ұяға жақындауға бұлардың енді батылы жетпей отыр, мұны көрген үйрек жылы жүрегімен ақ жұмыртқаларын емірене баса түседі.

Қыбыр етпей қалқып қалған қалтқыларға қарап, біздер көк шөптің үстінде ұзақ жаттық. Бұдан үш күн бұрын ғана тап осы жерден орта шелек ту табандар аулаған едік, қырсық шалғанда, бүгін бір де бір қармақты қаппай тұрғанын көрмейсің, бе сол табандардың? Балықтың қармақ қабар сыры әлі де бізге мәлім емес қой!

Күн жоғары көтеріліп, үйге қайтар мезгіл де жақындап қалды. Ал сонда, мынау ұясын жүрегімен басып жатқан үйректің күні не болмақ? Анау аңдып отырған ұя бұзар құзғындар оның бар жұмыртқасын жарып, уызын сорып кетпек пе? Құзғындар қозғалар емес, сол бағанағы отырған қалпымен мойылдың арасынан үйрекке көз тігеді. Олар, сөзсіз, адамның кетуін күтіп отыр, сонан кейін үйректі түтпек, жұмыртқаларды пышырлатып, уызын жұтпақ.



Біз құзғындарды қуып жібермек болдық, олар жақын келгенше қаннен қаперсіз отырады. Құлаш жетер жерге келе бергенде, қанатын керенау көтереді де, жалт бұрылып, екінші мойылдың арасына қонады. Құзғындар жалп етіп қонған сайын ақ гүлдер де айрандай төгіліп түседі. Бір бұтадан екінші бұтаға қонып жүріп, бұл сұмдар қуана түседі. «Бәрібір бізді кетіре алмайсыңдар, ақыры өздерің кетесіңдер. Шаршатамыз, жалықтырамыз, әйтеуір сендерден асып түсеміз» дегендей болады.

Қайткенмен ұясын қорғаған үйректі бұл пәледен құтқару қажет. Оны бұл пәлеге душар қылған біз ғой! Біз ұяның үстінен шықпасақ, құзғындар жұмыртқаны көрмеген болар еді ғой. Пәледен құтқарудың қандай шарасы бар? Оның шарасы біреу-ақ — мылтық табу.

Көңіліме мылтық табу керек деген бір ғана ой келіп, мен Ертісті жағалай жөнелдім. Іздеп келе жатқаным — көпірдің қасында тұратын, бұрынғы танысым, қарт аңшы. Жанындағы жолдасым мен келгенше ұяны құзғындардан қорып тұрмақ болды.

Савельич үйінде екен. Бір шетін құлағына жіппен қаңтарған көзілдірігі кеңсірігіне түскен бұл қарт ескі орындықтың үстінде ау жамап отыр. Не үшін келгенімді айтқаннан кейін қарт көзілдірігін таңдана жоғары көтерді де, жақтырмай:

— Мылтықты өзің атпақсың ба? Әй, сен қармақ салудан басқаны білмеуші едің ғой. Ғұмырымда сенің мылтық ұстағаныңды көрген емеспін, — деді.

Мен де мылтық атуды үйренгенімді, үйректің аянышты халін түсіндіріп, қартқа жалына бердім. Қартты да аяныш сезімі билеп, босаңси бастады. Ол ойланып қалды.

Сәлден соң, бір күрсінді де, орнынан түрегеліп:

— Ал, мен мылтықты аямаймын. Тек, білмесе, бірдеңеге шалдығып қала ма дегенім ғой. Егер, ол сұм құзғындар ұя бұзатын болса құрт, — деді. — Әй бірақ, бекерге әуреленесің бе деймін, ол құзғындар әлдеқашан ұшып кеткен болар.

Савельич осыны айтты да, ақырын басып жоғарғы бөлмесіне кірді. Көп кідірмей-ақ ол маған қосауызды әкеп ұстатты.

Иығыма қосауызды асып алып қайтып оралғанымда, күн шаңқай түс болған еді. Шабындықтағы құстар да шықылықтағанын тоқтатып толас тапқан. Тек қарлығаштар ғана көл үстінде ерсілі-қарсылы ұшып сайрандайды. Бұлардың бірінен соң бірі көктен сорғалай шүйіліп, көл суын қанатымен шолп

еткізеді де, мәз-мәйрам екінші жаққа шырқай жөнеледі. Құзғындар сол отырған жерінен әлі тапжылмаған. Жолдасым ұяның қасында қылжиып ұйықтап жатыр.


Мен қосауыздың құлағын қайырдым да, құзғындарға беттедім. Олар да бірден елеңдей бастады. Жаңа ғана бейқам отырған бұлар тым сақ бола қалды. Үрейлене айналаны жалт-жалт шолып, қанаттарын кезек-кезек сілкіп көтерілуге әзір отырды. Бұл қалай? Олар осының алдында ғана жуық келтіріп еді ғой. Әлде, менің қаруым барын сезіп қойды ма?

Олар мені оқ жетер жерге жақындатпай ұшып кетті де, барып ең бір биік ағаштың үстіне қонды, айналаға үрейлене қарайды.

Мен де әдіске көштім. Қалың бұталардың арасына бой жасырып, ептеп жақындай бастадым. Өстіп отырып құзғындарға жетпіс қадамдай жер қалғанда тоқтадым. Себебі: бұталар да бітті, әрі қарай жалаңаш жазық. Құзғындар да қу екен, мені аңду үшін айналасы ашық жердегі биік ағашқа әдейі келіп қонған болды. Мен мылтықтың мойнын мойылдың бұтағына арта сап көздедім де, құзғындардың төбесінен жоғары ала періп қалдым.

Қос құзғын барқ етіп әр жаққа ұша жөнелді, жан таласа қанат қаққан бұл сұмдар, әудемде безіп көзден бір жола ғайып болды.

Бір апта өткен соң біз сол жерге тағы да қармақ салуға келдік. Ұя бос жатыр. Оның айналасындағы жұмыртқаның қабықтарынан балапандардың аман-есен қатарға қосылып, бұл кезде енесімен бірге көлде жүзіп жүргені білініп-ақ тұр.



Мақсұт Омаров.

СССР-дың спорт шебері.

МЕН ҚАЛАЙ БОКСШЫ БОЛДЫМ

Мен бала кезімде тарамысша тыртысқан арық, жұқалаң едім. Құрбыларым мені «Қатпа қара» деп атайтын.

Біздің үйдің жанында менен бір класс жоғары оқитын Генка деген, толық денелі, танқы мұрын бала тұрды. Оның ағасы бір кезде спортпен айналысыпты, күреске түскен көрінеді. Ол өз інісіне күрестің біраз әдіс-әрекетін, ұстасу жолдарын үйретіп қойыпты. Генка кейде өз «өнерін» маған көрсетіп, мойнымды бұрап үзіп жібере жаздайтын. Балалар Генканы қоршалай тұра қалып, күрес «құписын» көрсетуді өтінетін. Ол болса, білгірсіп, ересек балалар арасында күрес кимылдарын көрсетіп жататын. Мен балалардың арасында сығылысып, сығалауға ынталанамын. Сол кезде үлкен балалардың бірі желкемен ұстап ортадан шығарып тастайтын да күлетін. «Әттең, шіркін, Генка сияқты «өнер» үйреніп, өзін бір ұрып жықсам» — деп арман етуші ем.

Маған бұдан былай осы ересек балалардың ісінің бәрі қызықты көріне бастады. Олардың әрбір басқан ізіне еліктей бастадым.

Бірде мен мектеп залында тұрған Генка мен оның достарын көрдім. Мен қорғана басып жандарына келдім де, құлағымды тоса қойдым. Менің құлағымға «Сарыөзек Патогониясы», «саяхатқа шығамыз», «дайындық» деген сөздер ғана келіп жетті. Мен үш күн ұдайы «Сарыөзек Патогониясы» деген жерді өзімде бар барлық кітаптан, карталардан іздеп таба алмадым. Ақырында, бұл жер жуырда ғана табылып, әлгі балалар соған саяхатқа шығады екен деген ойға келдім де, мен де солардан қалмауға бекіндім. Менің ойымша, бұл жер алыстағы аралдардың бірі болса керек. Біз Генка екеуміз бір үйде тұрғандықтан, енді оны күндіз-түні аңди бастадым. Күндіз ол жолдастарымен үйіне кіріп кеткенде, есікке құлағымды тосып, ұзақ тыңдадым. «Икс», «Игрек» деген сөзден басқа құлағымға ештеңе келмеді.

— Дұрыс! — дедім мен өзіме-өзім. Бұлар саяхаттың жоспарын жасап жатыр екен. Мынау «Икс», «Игрек» дегендері құпия белгілері ғой. Үйдің шатырында бір ескі рюкзак жататын. Мен оны тауып алып, тесігін

жамап, бау тағып, енді оған кепкен нан, ыдыс-аяқ, ботқа жасайтын жарма сияқты керекті заттарды жинастыра бастадым.

Енді оқу деген жайына қалды. Сөйтіп жүріп, бір күні «екі» алып қалдым. «Екілік» көбейе берді, көбейе берді...

Мен бірте-бірте Генкамен бірге тағы да кімдер саяхатқа шығатынын білдім. Мені бір таңғалдырған жай: бұлардың ішінде «ұзын сирак» деп аталып кеткен, пионер вожатыйы Ленка Перышкин бар екен.

Көп ұзамай мені бір сокқыдан соң бір сокқы төпелей берді. Алғашқы сокқы қу тышқанның кесірінен болды. Сембі күні апам «түнде тышқанның тықырын естідім» — деп, үйдің астан-кестенін шығарды. Қуыс-қуысқа дуст шашып жүріп, менің рюкзакқа салған «жол азығымды» тауып алғаны. Менен жауап алу басталды да кетті. Жарты сағаттай бұрышта қақайдым да тұрдым. Терезе алдында торғайдың көңілді әні естіледі. Аулада доп қуып жүрген бір топ балалардың шуы құлаққа келеді. Мен болсам, азапқа түсіп тұрмын... Мұнан соң апам бұл жайды мұғалімге айтыпты. Ендігі сокқы пионер бөлмесінде тиді. Әлгі «Сарыөзек Патогониясы» деген балалардың ынтасын арттырып, қызықтыру үшін алынғанын, ол Алматының маңындағы балалар баратын жәй ғана бір жер екенін осы бөлмеге келгенде біліп қалдым.

Мен пионер бөлмесінен есенгірегендей болып шықтым. Енді қайда барамын, не істеймін. Генкалар көрсе ғой маған мәз-мәйрам болып күледі-ау! Қайткен күнде де Генкадан өнерімді асыруға тырысамын. Күлетін болса, аузын аштырмайтындай етіп тастасам. Ал сонда не істеу керек?! Енді күрескерлер үйірмесіне баруға бел байладым. Тренер менің басымнан аяғым дейін байыптап қарап шығып:

— Қой, бала,— деді елеусіз ғана.

— Неге?

— Сенен балуан шыға қоймас.

— Неге?

— Тым шілтип тұрсың.

Мен ілби басып, үйге қарай жүрдім. Кенет:

— Иә, батыр, көңіліңізсің ғой! — деген

дауысқа жалт қарадым. Бұл біздің мектептің бокс тренері — Николай Константинович екен. Мұндай ерлік қайдан пайда болғанын білмеймін, өз жолдасыма сырласқандай-ақ, мен өкінішімді асып-сасып айтып та шықтым.

— Саған тек күрес секциясы ғана керек болып тұр ма, қалай өзі? Басқа секцияға барсаң қайтеді?

Мен Генка деген баланың қорлығы өтіп жүргенін, өшімді алғым келетінін айттым. Николай Константинович менің иығымнан күшып, күлді де:

— Әй, баламысың деген! Спортты жеке бастың пайдасына, ұсақ-түйек өшпенділікке пайдалануға болмайды. Мен сені боксшы етіп шығарамын, — деді ол маған тіке қарап. — Егер бокс қимылдарымен біреуді ұрсаң, сені ертен заң орны жауапқа тартады.

Ондай адам біреуге пышақ салған қылмысты деп айыпталынады. Осыны есіңе берік сақта.

Біз спорт залына келіп кірдік. Тренер зал ортасында тұрған бір жігітті шақырып алды да:

— Міне, мына мықтыны саған табыс етемін. Өзің қамқорлығына ал! — деді.

Менің, спорттық өмірім, мінекей, осылай басталды. Уақыт өте берді. Апам алғашқы күндері менің бет-аузымның көгеріп жүргеніне ренжіп жүрді де, бірте-бірте үйреніп кетті. Ал мектепте болса, балалар, тіпті жоғарғы класс оқушылары маған қызыға қарайтын болды. Енді сабақ үлгеруім де жақсарды.

Ал Николай Константиновичтің сөзін мен осы күнге дейін есімнен шығармаймын.

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ АЙТЫСЫ

Лепіріп,
Көпіріп,
Леп белгісі сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Сен нүкте — нокатсын,
Тау емес — шоқатсын.
Жүресің соңында,
Жігер жоқ қолыңда.
— Сен кері үтірсің,
Құнысың-бүкірсің,
Аяққа оралғысың,
Алмайсың ел алғысын!
— Имиген сұрақ белгісі
Сені кім келер көргісі?!
Шүбәлісің, жылауықсың,
Кінәмшілсің, сұрауықсың.
— Тырбиған тырнақша,
Сен бейпіл, бір лақсан
Сөзді де қамайсың,
Тоңады дейсің бе,
Неге осы орайсың?!
— Көп нүкте-ау, көп нүкте,
Бір көнбейсің бірлікке.

Сөз аяғын жұтасың,
Сонымен не ұтасың?!
— Сен бізден басқасың,
Жаққа ұқсас жақшасың.
Айырып үйірден,
Қысасың бүйірден.
Біз саған жылқы ма,
Үйірлеп иірген?!
Әй, қос нүкте, нашарсың,
Жұрттың алдын тосасың.
Сөзді ертіп соңыңнан,
Мақтанасың — тасасың,
Өзгені даттады,
Өзін тек мақтады:
— Мен лептімін,
Мен ептімін!
Жалындымын,
Сарындымын!
Бүгілмеймін,
Иілмеймін.
Мен леп белгісі
Кімнің тең күші!!

Ұмыт қалған сызықша,
Леп белгісі сөз ұқса,
Айтылмақты,
Айтып бакты:
— Бәлекеймін,
Дәнекермін.
Сөз арасын,
Мағанасын
Жымдастырамын,
Жалғастырамын.
Сен көбіне көпіресің,
Өтеді күн — өкінесің.
Біз орнымызды білеміз,
Жеңілтектігіңе күлеміз!
Қалам ойда жоқта шыға келді,
Тыныс белгілері бұға берді:
— Айтқанға көнесіңдер,
Айдауға жүресіңдер.
Қаласам, қағаз жазсам,
Өмірге келесіңдер.
Опық жеп орын таппай,
Әйтпесе өлесіңдер!

Мұсафар Әлімбаев.

Қойшының Баласы



Айнала аппақ қар. Ойпаңнан қыратқа қарай тырбаңдай өрлеген қойлар шашырай жайылып жатыр. Қой шетінде қара ноқаттай шопан. Бұл — Бертай қарт. Қырау қатқан сақал-мұрты ақ селеудей. Ерінің қасына ілген сойыл ат қозғалған сайын қар бетіне айқыш-ұйқыш өрнек сызып сүйретіле сырылдайды. Сойыл сырылы болмаса, төңірек аз-кем мүлгігендей. «Күн тым жылынып барады, арты қарлы боранға айқаспағай еді. Жаман айтпай, жақсы жоқ. Малды бір күні ерте қоралағаннан дәнеңесі кетпес...» Бертайдың ойын аттың дүбірі бөлді.

Өткен жылы көрші ауылдағы нағашысы мінгізген торы қасқа таймен көсіліп келе жатқан Бақытжан екен. Әкенің жүрегін қуаныш жалыны шарпып өтті. Ол баласына масаттана көз тастап тұр. «Балам жігіт болып қалыпты ғой. Отырысы орнықты екен. Жарайсың, қарашығым менің!.. Ай, балалық-ай... Осы да балалық па? Жоқ! Ұқыпсыздық. Ескертпесем бол-

мас...» Бертай қарттың астындағы торы бесті айғыр да ат шабысына елеңдей құлағын қайшылайды.

— Көке, апам шай дайын, келсін дейді,— деді Бақытжан тайының тізгінін тартып.

— Бақыш, ана төс айылың сүйретіліп жүр! Арқасын бос ер жеп қоятынын білмеймісің?! — деді қарт. Мұны ол ұлым қателігін ескерсін дегендей қатқыл үнмен айтты.

— Жақсы, көке!

— Күн бұзылғалы тұр. Кішкене ымырт үйірілгенше тебіндесін, сонсын айдап келерсің. Иә, Бақыштай! Жай қалма! Ал, саған аманат мал,— деді әке баласына жымия, сойылды беріп жатып...

— Қам жемеңіз, көке,— деп Бақытжан қала берді.

Әке де көзден таса болған. Енді, міне, осы жайылып жатқан қоралы қой соңында жас шопан. Ол қылаулап тұрған қарға, шығыстан батысқа бетін түзеген желге де көңіл бөлген жоқ. Ыңылдап ән айтып жүр.

Тек жел ысылдап, қабыршақ қардан басығана қылтиған шөпті жапырып, айнала түтей бергенде, ол тайын тебініп қалды. Қойдың о шетімен бұ шетіне шапқылаумен жүр. Әлгінде әр жерде жайылып жатқан қойлар шоғырланған. Ауық-ауық қарлы құйын ысылдай соққанда қойлар бытырай бөлініп, енді бір сәтте қайта ұйлығып жамыраса табысады. Жан-жағына үрке қарайды. «Енді өлсек те бөлінбейміз» дегендей бірінің сауырына бірі басын тығып, шоғырлана қалған. Төңірек аласапран, алай-түлей. Өктем жел минут сайын ұлғайып, бөрідей ұли бастады. Қойлардың басын ыққа еріксіз бұрғызып, арқадан толассыз ұрып тұр. Қар аралас суық жел шетке қағыс шыққан қойды домалатып әкетпектей дірдектетеді. Шоғырланған мал тасқын судай толқи берді. Бір бағытқа — ыққа жіберсе, төгіліп кеткендей. Жас шопанның жан-дәрменмен айтқан, әпсәтте боран тұншықтырып тастап тұрған «шәйт-шәйті» тасқынды бөгеп тұр. Кім білсін, ол әмірдің ғұмырын?! Әзір шопан әмірі күшінде.

Қара тер болған Бақытжанның тайы да теріс айнала берді... Қойлар сол сәтті күткендей дүркірей ықтап жөңкілді. Айқайлай-айқайлай даусы қарлығып, қойдың басын ауылға қарай бұра алмаған Бақытжан әбден қалжыраған. Атының басын қоя беріп, қойға еріп келеді. Жас шопанның ендігі ойы — малдан адасып қалмау.

Алып жығатындай-ақ боран ышқына соққанда тер қатқан тай бір уыстай болып бүрсе-леңдей бүлкілдейді. Манадан суық желдің ызғарын сезбей келе жатқан Бақытжан қалтырайын деді. Қара тонының жағасын көтеріп,

құлақшынын алқымының астынан тас қып байлап алды. Қайдан кіреді дерің бар ма, өкпек жел сонда да тонның бір тесігін тауып, суық саусағын сұғып-сұғып алады. Ол тісі-тісіне тимей қалшылдайды.

Күн батып, ымырт үйірілді. Бақытжанды үрей билеп алған. «Қасқыр келсе не істеймін. Тірілей жем болар ма екенмін, шыныммен. Анада көкем, «Қасқыр адамды жерде бетіне қар, не құм шашып көміп жейтін көрінеді» деп отырған... Ол тігіркеніп, бойы мұздап кетті. «Апырай... шыныммен үсіп бара жатқаным ба?! Оның денесі езіліп, ұйқы алып бара жатты.

Боран да саябырлағандай болған. Қойлар тоқтады. Манадан ілбіп келе жатқан тай да басын көтеріп, самарқау құлағын қайшылайды. Бақытжан қойды айналып шықты. «Жоқ. Бұл мекен — жай болмады. Ықтасын сай. Бірақ қайдағы сай?..»

Төңірек түнерген меңіреу дала. Боран сан құбылып, сыңси ұлиды. Бақытжанның көзіне жас келді. Тайының үстіндегі жабуды алып жатқанда, оның жүрегі лоблыған. Енді қорқыныш, үрей басына төнгендей. «Шыныммен... үсіп... өлгенім бе...» деген сөз аузынан шығып кетті.

Боран жас шопанның бұл үрейлі даусын да жұтып алып ысылдай берді...

— Бәке-ау, күн бұзылды. Әлгі бала көрінбейді, ығып кетсе құрыдық қой. Үсіп өледі ғой, тезірек шықсаңшы, — деді сырттан кірген ана аптығып. Ана көзінде үрей. Әке жүзінде «қайдағы жаман сөзді қайдан тауып айтасың» дегендей кейіс.

— Міне, болдым. Шығам! Жаман сөз айтпасаң нетті, Балым?! — деп Бертай апыл-ғұпыл киініп, шығып кетті.

«Жеңіс» колхозының күллі тұрғындары бір отар қой мен бала ұшты-күйлі жоқ болғанын естіп, абыр-сабыр болды. Түнімен ұйқы көрмей он шақты аттылы таң саз бере Беріктас аталған ойпаңға ойысты.

— Отағасы, бір болса Нарымбет көлінде. Ол жер қалың қурайлы ойпаң, — деді жирен аттағы құлақшынды жас жігіт.

— Әй, сен-ақ бүйректен сирақ шығарады да тұрады екенсің, — деп оны Сәлімғали шопан тойтарып тастады. — Түнімен жел Нарымбеттен соқса, қой желдің өтіне барып паналай ма? Не айтып келесің өзің?!

Жирен аттың үстінде қидыып, білгенсіп, манадан көпке дес бермей сөйлеп келе жатқан жігіт енді үнсіз қалды. Осы кез іздеушілерден озып алға түскен ізшіл екі ит шаңқ-шаңқ үрді.

Дүбірлете төбенің басына шыға келген аттылар, үрпиісіп, бір жерге шоғырланған қой-

ды, онан жүз метрдей жерде шідерлеулі тайды көрді. Аттыларды көрген соң, екі ит «мына малдарыңды түгендеңдер, біздің тағы іздеріміз бар» дегендей арсылдап қойды айналып жүр. Қой аман, түп-түгел. Көпшілікті қобалжытқан мал емес... бала! Баланың тірлігі... Бала жоқ. Мына қой, сүмірейген тай Бақытжанның қайда екенін айта ала ма?! Қарт шопанның көз шарасына жас үйірілген. «Қам жеме, көке» деп Бақытжан сыбырлағандай болады әке құлағына. Іздеушілердің көзі қартта. Ұрлана қарт шопанға көз тастайды...

Иттер арсылдап үріп қоя берді. Жалт қараған Бертай сойылдай қақиған қурай түбін қазып жатқан екі итті көрді. Қурай түбі — төбешік. Бір басында тышқан ініндей екі ноқат қарауытады.

Іздеушілердің бәрі де Бақытжаннан күдер үзгендей жай қозғалып иттерге қарай беттеді. Сәлімғали шопан жете бере тоқтап, ұлпа қарды қаза бастады. Көзі шатынап шыққалы тұрғандай, емірене кемсендеп, жалаңбас Бертай қарды қос қолдай үңгіледі. Жабуда бүктелген дене көрінгенде іздеушілердің көпшілігі теріс айналды. Дене былқ-сылқ етеді, дыбыс жоқ. Кәрі әкеден басқалары жабуды ашуга батылдары жетпегендей состиып тұрып қалды. Қабақтары қатулы, бәрі Бертайға мүсіркей қарап тұр. Ең болмаса, осы топтың біреуінде үміт нышаны болсайшы...

Әке жүрегі көзі жетпей тыншыр ма?! «Жоқ!.. Жоқ... өлген жоқ, менің құлыным! Өлмейді ол ... өлмейді...» дейді алып ұшқан әке жүрегі.

Жабу жазылғанда жылы бу аспанға көтерілді. Бақытжанның бетіне тамған ыстық жас, «шу» ете қалған қуанышты дауыс, оның тәтті ұйқысын бөліп жіберді. Ұшып тұрған Бақытжан әке мойнынан құшақтай алды.

— Түнде қатты қорықтым... Қой аман ба, көке? — болды оның тілге келгеннен соңғы сөзі.

— Аман... Айналайын шопаным менің! Садағаң кетейін, жүрегімнің шопаны, — деп Бертай көтеріп алды. Бетінен сақалына, сақалдан тонға тырс-тырс қуаныш маржаны тамып жатыр. Оған қарар әке жоқ. Сүйіп жатыр... Сүйіп жатыр.

— Қар асты жылы болады деген рас ек ғой...

— Қарай көр, өзін?! Малжанды деймін... Айнымаған көкесі! — десіп жатыр қуанышты шопандар.

М. Сундетов.

АҚ СҮЙЕК

Ақ сүйек деп малдың, көбінесе, ірі қараның, қураған ақ сүйегінің бір сынығын, яки топайын алады да, екі жар болып құлаш жетер жерге лақтырады. Бұл ойын түнде ойналады. Шөптесін жерде құлаш жетерге түскен ақ сүйектің табылуы оңай болмайды. Әдісқой, көргіш бала лақтырған сүйектің түскен жерін мөлшерлеп, тез тауып алады. Ең бұрын тапқан бала:

«Ақ сүйекті таптым, алақай,
Жетіп алшы, балақай» — деп,



тура көкпар тартқан адамша атой бере қашады. Екі жақ та ақ сүйекті ала жөнелген баланың артына түседі. Ақ сүйекті тапқан баланың өз тобы, өздеріне қарсы топтың қолына түсірмей бірінен алып, қарақшыға

Сағынғали Сейітов.

БАҚТАҒЫ БӨБЕКТЕР

Өрімтал өңшең,
Өндірішіндей балдырған,
Өңдерін көрсең,
Өзіңді ойға қалдырған.

Бөбектер қунақ,
Үште ме әлде бесте ме?
Ойнап жүр шулап,
Ойында жоқ ештеңе.

Бірінің — бапты
«Ракета» тұлпары;
Бірінің — қатты
«Фильмоскоп» боп іңкәрі:

Барысты бірі
Бас білгізіп үйреткен;
Өзінен ірі
«Самосвалды» сүйреткен...

яғни (көмбеге) бұрын жетуге күш салады. Ал, екінші топтың балалары, қалайда ақ сүйекті тартып алып, көмбеге өздері бұрын баруға таласады. Кімде-кім ақ сүйекті көмбеге бұрын апарса, мақтауды сол бала алады. Бір рет ақ сүйекті лақтырып, оны тауып, бірін-бірі қуып, көмбеге жиналған жерде екі жар болып бөлінеді де, біріне-бірі қарама-қарсы тұрып:

«Ақ сүйекті мен таптым,
Жеткізбедім жел аяқ»

деп, ақ сүйекті тапқан бала тақпақтай бастайды. Оған жалғастыра екінші топтың балалары қосылып:

«Ақ сүйекті сен таптың,
Озған бізбіз жел аяқ»

— деп кеукелей күлісіп, әндетеді.

«Онда кезек сенікі.
Лақтыра ғой сүйекті»

— деп кейінгі жеткен балаға сүйекті береді. Ол балалар тобы, әндетіп қосыла:

«Болса кезек менікі,
Ал лақтырдым тапшы, епті»

деп сүйекті лақтырады. Өстіп, ойын созыла береді. Қай жағы көп тауып, көп озса, сол жағы ойынды жеңген болады.

Балалар ду-ду,
Балғын жаны мүләйім.
Өзді-өзі у-шу,
Кеңілде жоқ мұң, уайым.

Ойланам мен тек,
Бұрылып баққа мойыным.
Кез кеп бір тентек
Бұза ма деп ойынын.

Жоқ! — деймін кенет:
Жәдігәй де, бұзық та
Бола алмас бөгет
Бөбектер батқан қызыққа.

Мен сақпын! Көр сен!
Жолама жат ой тыз етпе.
Жаманатқа жол берсем,
Неге тұрмын күзетте?!

«ҮШ КҮН, ҮШ ТҮН»

Кітап дүкенінің алдында Төлен мен Ислам жолығып қалды. Төленнің қолында бір кітабы бар, дүкеннен шығып келеді екен.

— Қандай кітап алдың?

— «Үш күн, үш түнді» алдым.

— Қызық па екен?

— Қайдан білейін, жаңа алған жоқпын ба?!

— Мен оқыдым, қызық екен,— деді осы кез олардың жанына келген Тастай,— Бір Алтай деген бала каникул кезінде Алматыға бара жатып поездан қалып қояды...

— Иә, сосын?! — десті ынтыққан балалар.

— Сосын... бейтаныс вокзалда қалып қалды. Танысы жоқ. Жалғыз. Не істеу керек? Не істесін, қаланы аралап кетеді. Сөйтіп жүріп бір ұрыларға кезігеді. Олардың бұзық ойын сезіп қалады. Ұрылар Айдабол деген кісінің үйін тонамақ екен. Қаланы аралап жүргенде

Алтай өзіндей оқушы қызбен танысады. Оның аты Айсұлу екен. Ал әлгі Айдабол деген оның әкесі екен. Сөйтіп, Алтай екі ұрыны милиционердің ұстауына болысады... Тамаша ғой, ә? Оқиғасы жақсы емес пе?...

Балалардың бұл әңгіме етіп тұрғаны Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасынан шыққан, жас жазушы Гумеров Машқардың «Үш күн, үш түн» деген әңгімелер жинағы еді.

Балалар, шынында да, бұл жинақта сендер қызығып оқитын әңгімелер аз емес. «Үш күн, үш түн» әңгімесі ғажайып оқиғалы болса, «Айқыз» деген әңгімесі азамат соғысы кезінде Жетісуда ерлік көрсеткен қазақ қызы туралы. Ал «Сенім», «Көз бен сөз», «Үлес» деген әңгімелерінде балалардың мектептегі өмірі, Зайра атты оқушы қыздың жүректілігі суреттеледі. «Жығылып жатып сүрінгенге күлме», «Көмек» және басқа әңгімелерінде балалардың теріс қылықтарын сынайды.

Бұл кітапты қазір дүкендерден сатып алуға болады.

Сен білесің бе?

Айға саяхат жасап бару үшін қанша уақыт кетер еді?


Жаяу адам, сағатына 5 км. жүру жылдамдығымен, 8 жыл 280 күнде айға жетеді. Велосипедпен, сағатына 30 км. жылдамдықпен жүргенде, 1 жыл 163 күнде жетеді. Автомобильмен, сағатына 100 км. жүргенде, 160 күнде, жолаушы таситын самолетпен, сағатына 800 км. ұшқанда, 20 күнде жетеді. Жер серігімен, сағатына 28 000 км. ұшқанда, 13 сағат 43 минутта айға жетуге болады.

Су қайнағанда оның молекулдары секундына 650 метр шапшаңдықпен қозғалады.

Бір тәулікте адам тәнінен шығатын жылылық үш тоннаға жуық суды бір градусқа дейін жылытады, не болмаса, екі шелек суды қайнатады.

Мына суретке қарасаң, үлкен балық кішкентай балықтарды жұтып жатқан сияқты боп көрінеді. Шындығында, олай емес. Бұл үлкен балық-хаплахромис деп аталады. Ол өзінің уылдырығын аузында сақтап, аз мерзімнің ішінде аузынан балық шығарады. Бұл кезде хаплахромис қоректенбейді.

Мына суретте өздеріне төнген хауіпті сезген кішкентай балықтардың анасының аузына тығылып па-



напау үшін жүзіп келе жатқан кезі. Бұл суретті ағылшын фотографы Джордж Гринвел түсірген.

Германияның Федеративті Республикасында әріп теретін телеграф аппараты шығарыла бастаған. Бұл аппарат телеграф арқылы берілген сөздерден кеткен қатені өз бетімен түзеп отырады.

Американың «Мольт Тэйлор» дейтін фирмасы соңғы кездерде «Аэрокор» деп аталатын, әрі ұшатын, әрі жерде жүре алатын автомобиль ойлап шығарған.

Ұшқанда оның жылдамдығы басқа самолеттерден кем түспейді. Жерде жүргенде самолеттің екі қанаты мен артқы бөлімдерін жинап алып, автомобильдің соңына тіркеп қоюға болады. Бұл автомобильді самолет қалпына келтіруге бір кісі он-ақ минут уақыт жұмсайды.



АЛҒАШҚЫ БАСТАМА



Біз, «Коммуна» жетіжылдық мектебінің оқушылары «1-Май» жетіжылдық мектебінің оқушыларын социалистік жарысқа шақырып, көтеріңкі міндеттемелер алдық. Біздің мектеп бойынша әрбір оқушы 5 балапан, 5 көжсек асырамақ болды. Ал, мектеп жанындағы участокке 200 түп терек, 150 түп тал отырғызып, оны күтуге оқушылар бөлінді. Сол сияқты, 6 гектар жерге мақта егіп, оның әр гектарынан 25 центнерден өнім алуға ұйғардық. Бұл бастамамыз жетіжылдық ұлы жоспардың орындалуына оқушылық үлесімізді қосудың алғашқы адымдары деп есептейміз.

Алған міндеттемемізге қазірдің өзінде-ақ қызу кірістік.

Тұрлыбек Дүмшебаев.

Оңтүстік казахстан облысы, Келес ауданы,
«Коммуна» жетіжылдық мектебі.

БАЛАЛАР!

Сендерге арнап шығарылатын „Пионер“ журналына жылдың екінші жартысына жазылуды естеріңнен шығармандар. Журналды жылдың басынан аяғына шейін үзбей оқығанда ғана байыпты мәлімет аласыңдар, ой өрістеріңді кеңейтесіңдер, әдеби шығармаларға қанығасыңдар.

Журналға жазылу бағасы:

Алты айға 6 сом


Үш айға 3 сом

Журналға „Союзпечатьтің“ барлық жергілікті бөлімдерінде жазылуға болады. Жазылуға ешқандай шек қойылмайды, әркім өзінің тілегінше, тиісті мерзімге журналды жаздырып ала беруіне болады.

Редколлегия.



КРИПТОГРАММА



- I. 2. 13. 4. 10. 20. 4. 6.— планета.
- II. 16. 8. 11. 8. 19.—ескі қару.
- III. 21. 1. 7. 13. 9. 13.—күс.
- IV. 15. 5. 6. 8. 9.—балық.
- V. 14. 13. 10. 14. 13. 20. 3. 11.— ағаш.
- VI. 10. 1. 18.— адамның мүшесі.
- VII. 19. 5. 12.— тозан.
- VIII. 17. 4.— шұңқыр.

Мына жоғарыдағы цифрлардың орнына жауабын тауып, тиісті әріптерді қойсаң, халықтың өмір, ақыл туралы айтылған макалы шығады.


Жасаған **Зәбен Әшірова**

Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы.

КВАДРАТ

Мына клеткаларға солдан оңға, оңнан солға қарай оқығанда мағынасы өзгермейтін сөз тауып қойыңдар. Квадраттың диагональдары бойымен оқығанда, «қазақ» деген сөз шығуы керек.

Құрастырған **Сыдық Малаев**
Семей облысы,
Қызылқия орта мектебінің оқушысы.



Мұқабаның бірінші бетіндегі **А. Восводиннің** «Қоян өсірушілер» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: **Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұркатов А., Нұртазин М.**

Техникалық редактор **М. Фум**

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер».

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 13/V 1959 г. УГ03272. 84×108¹/₁₆ — 0,75 бум. 2,46 п. л.
Тираж 44.000. Алма-Ата. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 783

